Sinoasia B&R	**КЛЮЧЕВОЙ ИНФОРМАЦИОННЫЙ ДОКУМЕНТ** **Добровольное комплексное страхование «Саяхатшы» /** НЕГІЗГІ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЖАТ «Саяхатшы» ерікті кешенді сақтандыру	Редакция: №1 / Редакция: №1

Ключевой информационный документ о страховом продукте – документ, содержащий в краткой и доступной форме основную информацию о страховом продукте, включая информацию об особенностях, условиях и рисках страхового продукта. Полные условия страхования, включая страховые риски, исключения, ограничения, права и обязанности сторон, определяются Договором страхования (Страховым полисом) и Правилами страхования, являющимися его неотъемлемой частью в случаях, предусмотренных Договором (Страховым полисом)./

Сақтандыру өнімі туралы негізгі ақпараттық құжат – сақтандыру өнімінің ерекшеліктері, шарттары мен тәуекелдері туралы ақпаратты қоса алғанда, сақтандыру өнімі туралы негізгі ақпаратты қысқа және қолжетімді нысанда қамтитын құжат. Сақтандырудың толық талаптары, оның ішінде сақтандыру тәуекелдері, алып тастаулар, шектеулер, тараптардың құқықтары мен міндеттері Сақтандыру шартымен (Сақтандыру полисімен) және Шартта (Сақтандыру полисінде) көзделген жағдайларда оның ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтандыру қағидаларымен айқындалады.

Страховщик / Сақтандырушы	АО «Страховая Компания «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» (далее – Общество) / «Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Қоғам)
Вид страхования / Сақтандыру түрі	Добровольное страхование / Ерікті сақтандыру
Класс страхования / Сақтандыру сыныбы	Страхование от прочих финансовых убытков / Басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру
Правила страхования / Сақтандыру қағидалары	Правила добровольного страхования от прочих финансовых убытков. Утверждены решением Совета директоров, протокол № 5–2018 от 15.11.2018 г. / Басқа да қаржылық шығындардан ерікті сақтандыру қағидалары. Директорлар кеңесінің 15.11.2018 ж. № 5–2018 хаттамасымен бекітілген.
Общая информация о продукте / Өнім туралы жалпы ақпарат	Комплексная программа для физических лиц, которые путешествуют самолётом или поездом. Один Договор включает три секции: утеря паспорта за рубежом, вынужденный отказ от поездки и полная утрата сданного багажа при авиаперелёте. Договор оформляется только на территории Республики Казахстан, продление не предусмотрено. / Ұшақпен немесе пойызбен саяхаттайтын жеке тұлғаларға арналған кешенді бағдарлама. Бір Шарт үш секцияны қамтиды: шетелде төлқұжатты жоғалту, сапардан мәжбүрлі бас тарту және әуе рейсі кезінде тапсырылған багаждың толық жоғалуы. Шарт тек Қазақстан Республикасының аумағында ресімделеді, ұзарту көзделмеген.
Объект страхования / Сақтандыру объектісі	Имущественные интересы Страхователя (Застрахованного), связанные с: – утратой паспорта в результате внезапного и непреднамеренного события; – вынужденным отказом от поездки по уважительным причинам (болезнь, несчастный случай, ущерб имуществу, отказ в визе Застрахованному или его близкому родственнику); – полной утратой багажа при наличии подтверждающих документов. Багаж – дорожные сумки, чемоданы, портфели и их содержимое (одежда и вещи), зарегистрированные на имя Застрахованного и принятые перевозчиком к перевозке под его ответственность. / Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) мына жағдайлармен байланысты мүліктік мүдделері: – күтпеген әрі абайсыз оқиға салдарынан төлқұжатты жоғалту; – негізді себептерге байланысты сапардан мәжбүрлі түрде бас тарту (сырқаттану, жазатайым оқиға, мүлікке келтірілген зиян, Сақтандырылған тұлғаға не оның жақын туысына виза беруден бас тарту); – растайтын құжаттар болған жағдайда жүктің (багаждың) толық жоғалуы. Багаж – Сақтандырылған тұлғаның атына ресімделіп, тасымалдаушының жауапкершілігімен тасымалдауға қабылданған жол сөмкелері, чемодандар, портфельдер және олардың ішіндегі киім-кешек пен заттар.
Страхователь / Сақтанушы	Физическое лицо, заключившее Договор страхования и уплатившее страховую премию. / Сақтандыру шартын жасасқан және сақтандыру сыйлықақысын төлеген жеке тұлға.
Основные требования к Страхователю / Сақтанушыға қойылатын негізгі талаптар:	
– Заполнить анкету-заявление и сообщить достоверные сведения; для оформления нужен заграничный паспорт. – Договор оформляется до поездки, только на территории Республики Казахстан. – Не принимается на страхование нерезидент, который едет в свою страну. – Уплатить страховую премию единовременно не позднее даты начала действия Договора. – Сообщение недостоверных сведений может стать основанием для признания Договора недействительным и отказа в страховой выплате. / – Өтініш-сауалнаманы толтырып, дұрыс мәліметтер беру; ресімдеу үшін шетелдік төлқұжат қажет. – Шарт сапарға дейін, тек Қазақстан Республикасының аумағында ресімделеді. – Өз еліне баратын резидент емес адам сақтандыруға қабылданбайды. – Сақтандыру сыйлықақысын Шарттың қолданылу басталатын күнінен кешіктірмей бір мезгілде төлеу. – Дұрыс емес мәліметтер беру Шартты жарамсыз деп тануға және сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз болуы мүмкін.	
Застрахованный / Сақтандырылған	Страхователь и (или) другие физические лица, указанные в Договоре страхования. / Сақтанушы және (немесе) Сақтандыру шартында көрсетілген басқа жеке тұлғалар.
Выгодоприобретатель /	Страхователь. /

Пайда алушы	Сақтанушы.
Страховые риски и страховые случаи / Сақтандыру тәуекелдері және сақтандыру жағдайлары	**Секция 1 (Раздел А) – Утеря паспорта** Внезапная и непреднамеренная утрата оригинала паспорта Застрахованного за пределами Республики Казахстан в период действия Договора (поездка самолётом или поездом), если утрата зафиксирована в местной полиции и Страховщик незамедлительно уведомлён. **Секция 2 (Раздел В) – Вынужденный отказ от поездки** Вынужденный отказ от поездки самолётом или поездом из-за: тяжёлой болезни или госпитализации, несчастного случая, экстренной ситуации, подтверждённой документально, смерти или болезни близкого родственника, серьёзного ущерба имуществу (пожар, затопление), отказа в визе. **Секция 3 (Раздел С) – Утрата багажа (только авиаперелёт)** Полная утрата багажа, сданного авиакомпании к перевозке, если есть документы перевозчика об утрате багажа и багажная квитанция. / **1-секция (А бөлімі) – Төлқұжатты жоғалту** Шарттың қолданылу кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде (ұшақпен немесе пойызбен сапар) Сақтандырылған тұлғаның төлқұжат түпнұсқасын күтпеген және абайсыз жоғалтуы, егер жоғалту жергілікті құқық қорғау органдарында тіркелсе және Сақтандырушыға дереу хабарланса. **2-секция (В бөлімі) – Сапардан мәжбүрлі бас тарту** Ұшақпен немесе пойызбен сапардан мына себептер бойынша мәжбүрлі түрде бас тарту: ауыр ауру немесе ауруханаға жатқызу, жазатайым оқиға, құжатпен расталған шұғыл жағдай, жақын туысының қайтыс болуы немесе ауруы, мүлікке келтірілген елеулі зиян (өрт, су басу), виза беруден бас тарту. **3-секция (С бөлімі) – Багажды жоғалту (тек әуе рейсі)** Авиакомпанияға тасымалдауға тапсырылған багаждың толық жоғалуы, егер тасымалдаушының багаж жоғалғаны туралы құжаттары және багаж түбіртегі болса.
Сроки страхования / Сақтандыру мерзімі	Срок страхования – период поездки, указанный в Договоре (от 1 дня до 1 года). Защита действует: – Секция 1: с момента посадки в транспорт в пункте отправления до высадки в пункте прибытия; – Секция 2: с начала действия Договора до начала перевозки (с учётом временной франшизы, см. строку «Франшиза»); – Секция 3: во время фактического перелёта – с момента сдачи багажа до его получения. / Сақтандыру мерзімі – Шартта көрсетілген сапар кезеңі (1 күннен 1 жылға дейін). Қорғау мына кезеңде әрекет етеді: – 1-секция: жөнелту пунктінде көлікке отырған сәттен бастап келу пунктінде көліктен түскен сәтке дейін; – 2-секция: Шарт күшіне енген сәттен бастап тасымал басталғанға дейін (уақытша франшизаны ескере отырып, «Франшиза» жолын қараңыз); – 3-секция: нақты ұшу кезеңінде – багаж тапсырылған сәттен оны алған сәтке дейін.
Страховая сумма (лимит ответственности) / Сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті)	Страховая сумма на каждого Застрахованного: – Секция 1: 300 евро (в тенге по курсу, указанному в Договоре); – Секция 2: авиа – по внутренним рейсам 50 000 тенге, по международным рейсам 100 000 тенге; поезд – 50 000 тенге; – Секция 3: 100 000 тенге. Общая страховая сумма указывается в Договоре страхования. / Әрбір Сақтандырылған тұлғаға сақтандыру сомасы: – 1-секция: 300 еуро (Шартта көрсетілген бағам бойынша теңгемен); – 2-секция: әуе рейсі – ішкі рейстер бойынша 50 000 теңге, халықаралық рейстер бойынша 100 000 теңге; пойыз – 50 000 теңге; – 3-секция: 100 000 теңге. Жалпы сақтандыру сомасы Сақтандыру шартында көрсетіледі.
Страховая премия и порядок оплаты / Сақтандыру сыйлықақысы және төлем тәртібі	1 500 тенге за каждого Застрахованного. Премия уплачивается единовременно переводом на банковский счёт Страховщика не позднее даты начала действия Договора. / Әрбір Сақтандырылған тұлға үшін 1 500 теңге. Сыйлықақы Шарттың қолданылу басталатын күнінен кешіктірмей Сақтандырушының банктік шотына бір мезгілде аударылады.
Франшиза / Шегерім	Временная франшиза только по Секции 2 (вынужденный отказ от поездки): – если Договор вступает в силу в течение трёх дней после подписания, защита действует со дня подписания; – если Договор вступает в силу позже чем через три дня после подписания, защита начинает действовать через пять дней после подписания. По Секциям 1 и 3 франшиза не установлена. / Уақытша франшиза тек 2-секция (сапардан мәжбүрлі бас тарту) бойынша: – егер Шарт қол қойылғаннан кейін үш күн ішінде күшіне енсе, қорғау қол қойылған күннен басталады; – егер Шарт қол қойылғаннан кейін үш күннен кеш күшіне енсе, қорғау қол қойылғаннан кейін бес күннен соң басталады. 1 және 3-секциялар бойынша франшиза белгіленбеген.

Территория страхования / Сақтандыру аумағы	Указывается в Договоре страхования по направлению поездки. Секция 1 действует только за пределами Республики Казахстан; Секция 2 распространяется также на внутренние рейсы и поезда. / Сапар бағытына қарай Сақтандыру шартында көрсетіледі. 1-секция тек Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде әрекет етеді; 2-секция ішкі рейстер мен пойыздарға да қолданылады.
Особые условия страхования / Сақтандырудың ерекше шарттары	– Секция 1: возмещаются транспортные расходы на поездку до ближайшего Посольства или Консульства Республики Казахстан (или представительства другой страны, оказывающей консульскую помощь гражданам Казахстана) – не более 300 евро по курсу Национального банка на дату заявления. – Секция 2: возмещается стоимость билета в одну сторону, но не более страховой суммы. – Секция 3: выплата – 100 000 тенге. – Валюта премии, страховой суммы и выплаты – тенге. – По Застрахованному Договор прекращается после выплаты по первому страховому случаю. – При противоречии Договора и Правил страхования применяется Договор. / – 1-секция: Қазақстан Республикасының ең жақын Елшілігіне немесе Консулдығына (немесе Қазақстан азаматтарына консулдық көмек көрсететін басқа мемлекеттің өкілдігіне) баруға жұмсалған көлік шығындары өтеледі – өтініш берілген күнгі Ұлттық Банк бағамы бойынша 300 еуродан аспайды. – 2-секция: бір жаққа билет құны өтеледі, бірақ сақтандыру сомасынан аспайды. – 3-секция: төлем – 100 000 теңге. – Сыйлықақының, сақтандыру сомасының және төлемнің валютасы – теңге. – Сақтандырылған тұлғаға қатысты Шарт бірінші сақтандыру жағдайы бойынша төлемнен кейін тоқтатылады. – Шарт пен Сақтандыру қағидалары арасында қайшылық болса, Шарттың талаптары қолданылады.

Основные исключения и ограничения страхования / Сақтандырудың негізгі ерекшеліктері мен шектеулері:

Секция 1 (Раздел А) – Утеря паспорта

Не является страховым случаем: Страховщик не уведомлён в течение 48 часов; нет справки из полиции или заявления в консульство; паспорт утрачен при передаче третьим лицам; утрата до начала или после окончания Договора; алкоголь, наркотики, нарушение общественного порядка.

Секция 2 (Раздел В) – Вынужденный отказ от поездки

Не является страховым случаем: опоздание на рейс или поезд из-за ДТП, пробок, неисправности личного или арендованного транспорта, позднего выезда; нарушение визовых, миграционных или санитарных требований по вине Страхователя; недостаточный срок действия паспорта или отсутствие документов для въезда; алкоголь, наркотики, нарушение общественного порядка; изменение личных планов, нежелание ехать, семейные обстоятельства без официальных документов.

Секция 3 (Раздел С) – Утрата багажа (только авиаперелёт)

Не является страховым случаем: багаж забыт или не сдан перевозчику; утрата ручной клади, не оформленной как багаж; порча из-за износа, плохой упаковки, свойств груза или погоды; утрата из-за мошенничества без документов компетентных органов; перевозка запрещённых предметов; нарушение правил перевозчика (перевес, отсутствие маркировки).

Не страхуются в багаже: деньги, драгоценности, ценные бумаги; драгоценные металлы и камни; антиквариат, произведения искусства, коллекции; документы, фотоснимки; рукописи и деловые бумаги; протезы; контактные линзы; часы; животные, растения и семена; предметы религиозного культа. /

1-секция (А бөлімі) – Төлқұжатты жоғалту

Сақтандыру жағдайы болып танылмайды: Сақтандырушыға 48 сағат ішінде хабарланбаса; полициядан анықтама немесе консулдыққа берілген өтініш болмаса; төлқұжат үшінші тұлғаларға беру кезінде жоғалса; жоғалту Шарт күшіне енгенге дейін немесе аяқталғаннан кейін болса; алкоголь, есірткі қолдану, қоғамдық тәртіпті бұзу.

2-секция (В бөлімі) – Сапардан мәжбүрлі бас тарту

Сақтандыру жағдайы болып танылмайды: ЖКО, кептеліс, жеке немесе жалға алынған көліктің бұзылуы, уақытылы шықпау салдарынан рейске немесе пойызға кешігу; Сақтанушының кінәсінен визалық, миграциялық немесе санитарлық талаптардың бұзылуы; төлқұжаттың жарамдылық мерзімінің жеткіліксіздігі немесе кіру құжаттарының болмауы; алкоголь, есірткі қолдану, қоғамдық тәртіпті бұзу; ресми құжаттармен расталмаған жеке жоспарлардың өзгеруі, сапарға бару ниетінің болмауы, отбасылық жағдайлар.

3-секция (С бөлімі) – Багажды жоғалту (тек әуе рейсі)

Сақтандыру жағдайы болып танылмайды: багаж ұмытылса немесе тасымалдаушыға тапсырылмаса; багаж ретінде ресімделмеген қол жүгінің жоғалуы; табиғи тозу, сапасыз орама, жүктің қасиеттері немесе ауа райы салдарынан бүлінуі; құзыретті органдардың құжаттарымен расталмаған алаяқтық салдарынан жоғалуы; тыйым салынған заттарды тасымалдау; тасымалдаушы ережелерін бұзу (салмақтың асуы, таңбалаудың болмауы).

Багажда сақтандырылмайды: ақша, зергерлік бұйымдар, бағалы қағаздар; қымбат металдар мен тастар; антикварлық бұйымдар, өнер туындылары, коллекциялар; құжаттар, фотосуреттер; қолжазбалар мен іскерлік құжаттар; протездер; контакт линзалар; сағаттар; жануарлар, өсімдіктер мен тұқымдар; діни рәсімдерге арналған заттар.

Действия Страхователя при наступлении страхового случая / Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі әрекеттері:

Незамедлительно, но не позднее 48 часов, сообщить Страховщику любым способом: call-центр 2040, электронная почта или сайт sinoasia.kz. Принять разумные меры для уменьшения ущерба.

– Секция 1: сразу обратиться в местную полицию и получить справку; при необходимости обратиться в консульство за временным документом.

– Секция 2: собрать подтверждающие документы (медицинские справки, протоколы, акты); при отказе в визе сохранить официальный отказ.

– Секция 3: получить у авиакомпании документ об утрате багажа и сохранить багажную квитанцию.

В течение 3 (трёх) рабочих дней передать Страховщику все документы о страховом случае и убытках, а также документы, запрошенные Страховщиком. /

Дереу, бірақ 48 сағаттан кешіктірмей Сақтандырушыға кез келген тәсілмен хабарлау: call-орталық 2040, электрондық пошта немесе sinoasia.kz сайты. Зиянды азайту үшін орынды шаралар қабылдау.
– 1-секция: дереу жергілікті полицияға жүгініп, анықтама алу; қажет болса, уақытша құжат алу үшін консулдыққа жүгіну.
– 2-секция: растайтын құжаттарды (медициналық анықтамалар, хаттамалар, актілер) жинау; виза берілмеген жағдайда ресми бас тартуды сақтау.
– 3-секция: авиакомпаниядан багаждың жоғалғаны туралы құжат алу және багаж түбіртегін сақтау.
3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы мен залалды растайтын барлық құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушы сұратқан құжаттарды беру.

Порядок страховой выплаты / Сақтандыру төлемінің тәртібі:

Страховщик принимает решение о выплате или направляет письменный отказ в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня получения всех необходимых документов.
Выплата производится в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня принятия решения о выплате.
По Секции 1 нужны подтверждающие документы (проездные билеты, квитанции, справки о визите в консульство); по Секции 3 – документ, выданный перевозчиком при сдаче багажа. /
Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлем туралы шешім қабылдайды немесе жазбаша бас тартады.
Төлем сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.
1-секция бойынша растайтын құжаттар (жол билеттері, түбіртектер, консулдыққа бару туралы анықтамалар), 3-секция бойынша багаж тапсыру кезінде тасымалдаушы берген құжат қажет.

Условия внесения изменений и прекращения Договора / Сақтандыру шартына өзгерістер енгізу және тоқтату шарттары:

Изменения в Договор не вносятся: при необходимости изменений Договор прекращается и заключается новый.
Договор прекращается: по истечении срока; в отношении Застрахованного – после выплаты по первому страховому случаю; при неуплате премии в срок; в иных случаях по законодательству Республики Казахстан.
Расторжение в день заключения Договора – премия возвращается полностью. При расторжении в иные сроки уплаченная премия не возвращается.
Возврат премии – в течение 5 (пяти) рабочих дней после получения всех необходимых документов. /
Шартқа өзгерістер енгізілмейді: өзгерістер қажет болса, Шарт тоқтатылып, жаңа Шарт жасалады.
Шарт мына жағдайларда тоқтатылады: мерзімі аяқталғанда; Сақтандырылған тұлғаға қатысты – бірінші сақтандыру жағдайы бойынша төлемнен кейін; сыйлықақы мерзімінде төленбегенде; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.
Шарт жасалған күні бұзылса – сыйлықақы толық қайтарылады. Басқа мерзімдерде бұзылса, төленген сыйлықақы қайтарылмайды.
Сыйлықақы барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтарылады.

Порядок подачи обращения/жалобы и урегулирования спорных вопросов / Өтініш/шағым беру және даулы мәселелерді реттеу тәртібі

Обращения и жалобы
По вопросам заключения и исполнения Договора страхования Страхователь вправе обратиться к Страховщику с обращением или жалобой. Контактные данные: адрес / мекенжайы: Республика Казахстан / Қазақстан Республикасы, A25X3D8, г. Алматы / Алматы қ., ул. Карасай батыра / Қарасай батыр көшесі, 34/95; ул. Радлова / Радлов көшесі, 71/1
тел.: +7 (727) 339-20-41, +7 (727) 339-20-42, call-центр 2040, сайт: www.sinoasia.kz
Споры между Страховщиком и Страхователем решаются путем переговоров. Если достичь согласия не удалось, спор разрешается в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан./
Өтініштер мен шағымдар
Сақтандыру шартын жасасу және орындау мәселелері бойынша Сақтанушы Сақтандырушыға өтінішпен немесе шағыммен жүгінуге құқылы. Байланыс деректері жоғарыда көрсетілген.
Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізу мүмкін болмаса, дау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Важная информация
Информация, содержащаяся в настоящем КИД, предназначена для ознакомления Страхователя с основными условиями страхования.
Ознакомление Страхователя с КИД, Правилами страхования и иными документами, предоставляемыми при заключении Договора, подтверждается подписью Страхователя, а при заключении Договора страхования в электронной форме – электронным подтверждением, позволяющим идентифицировать Страхователя и зафиксировать дату и время ознакомления.
При дистанционном заключении Договора страхования через интернет-ресурс, мобильное приложение или личный кабинет Страхователю предоставляется информация в объеме, предусмотренном законодательством Республики Казахстан и условиями страхования./
Маңызды ақпарат
Осы НАҚ-та қамтылған ақпарат Сақтанушыны сақтандырудың негізгі талаптарымен таныстыруға арналған.
Сақтанушының НАҚ-пен, Сақтандыру ережелерімен және Сақтандыру шартын жасасу кезінде ұсынылатын өзге де құжаттармен танысқаны Сақтанушының қолымен, ал Сақтандыру шарт электрондық нысанда жасалған кезде – Сақтанушыны сәйкестендіруге және танысу күні мен уақытын тіркеуге мүмкіндік беретін электрондық растаумен расталады.
Сақтандыру шарт интернет-ресурс, мобильді қосымша немесе жеке кабинет арқылы қашықтан жасалған кезде Сақтанушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында және сақтандыру талаптарында көзделген көлемде ақпарат беріледі.
Сақтанушымен оның жеке қатысуынсыз Сақтандырушының интернет-ресурсы, мобильді қосымшасы, жеке кабинеті арқылы өзара іс-қимыл жасау кезінде ақпарат Сақтанушымен жеке өзара іс-қимыл жасауға салыстырмалы көлемде және форматта ашып көрсетіледі.

ЭЛЕКТРОННОЕ ПОДТВЕРЖДЕНИЕ ОЗНАКОМЛЕНИЯ / ТАНЫСУДЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ РАСТАУ

Страхователь подтверждает, что до заключения Договора страхования ознакомился с настоящим КИД и Правилами страхования, а также получил информацию об основных условиях, особенностях, ограничениях и рисках страхового продукта. Подтверждение дается Страхователем электронной отметкой в информационной системе Страховщика. Идентификация Страхователя, дата и время ознакомления регистрируются информационной системой Страховщика. /

Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасқанға дейін осы НАҚ-пен және Сақтандыру қағидаларымен танысқанын, сондай-ақ сақтандыру өнімінің негізгі талаптары, ерекшеліктері, шектеулері мен тәуекелдері туралы ақпарат алғанын растайды. Растауды Сақтанушы Сақтандырушының ақпараттық жүйесінде электрондық белгі арқылы береді. Сақтанушыны сәйкестендіру, танысу күні мен уақыты Сақтандырушының ақпараттық жүйесінде тіркеледі.